

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 және "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 951 бұйрығы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

04 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" сыныбында:

1 "Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" кіші сыныбының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1 Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар";

13 "Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" ерекшелігінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"13 Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар";

06 "Басқа да салықтық емес түсімдер" сыныбында:

1 "Басқа да салықтық емес түсімдер" кіші сыныбында:

08 "Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер" ерекшелігінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"08 Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер";

2 "Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін басқа да салықтық емес түсімдер" кіші сыныбының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2 Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін басқа да салықтық емес түсімдер";

мынадай мазмұндағы 06 және 07 ерекшеліктермен толықтырылсын:

"06 Ақша, оның ішінде "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Арнаулы мемлекеттік қорға қайтарылған мүлікті өткізуден түсетін ақша

07 Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес басқарушы компанияның меншігіне не оның активтерді басқару жөніндегі қызметі нәтижесінде Арнаулы мемлекеттік қорға түскен өзге мүлікті өткізуден түсетін ақша";

7 "Қарыздар түсімі" санатында:

02 "Мемлекеттік сыртқы қарыздар" сыныбында:

1 "Қарыз алу келісім-шарттары" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 04 ерекшелікпен толықтырылсын:

"04 Ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы "жасыл" жобаларды қаржыландыру үшін алатын халықаралық қаржы орталығынан ұлттық валютадағы кредиттер";

2 "Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 03 ерекшелікпен толықтырылсын:

"03 Ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы "жасыл" жобаларды қаржыландыру үшін "Астана" халықаралық қаржы орталығының алаңында айналыс үшін ұлттық валютада шығарған өзге де мемлекеттік бағалы қағаздар";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

02 "Қорғаныс" функционалдық тобында:

1 "Әскери мұқтаждар" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 003 және 004 бюджеттік бағдарламалары бар 515 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"515 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы

003 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар

004 Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс";

мынадай мазмұндағы 003 және 004 бюджеттік бағдарламалары бар 516 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"516 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс басқармасы

003 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар

004 Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс";

мынадай мазмұндағы 003 және 004 бюджеттік бағдарламалары бар 767 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"767 Облыстың жұмылдыру даярлығы, аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасы

003 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар

004 Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс аумағындағы аумақтық қорғаныс";

2 "Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 001, 005, 006, 011, 100, 106, 107, 108, 109, 115, 118, 123, 124, 139, 148, 165, 166 және 167 бюджеттік бағдарламалары бар 515 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"515 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы

001 Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер

005 Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру

006 Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою

011 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

106 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

118 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру";

мынадай мазмұндағы 001, 005, 006, 011, 100, 106, 107, 108, 109, 115, 118, 123, 124, 139, 148, 165, 166 және 167 бюджеттік бағдарламалары бар 516 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"516 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс басқармасы

001 Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер

005 Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру

006 Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою

011 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

106 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

118 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси,

экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру";

мынадай мазмұндағы 001, 005, 006, 011, 100, 102, 103, 106, 107, 108 және 109 бюджеттік бағдарламалары бар 767 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"767 Облыстың жұмылдыру даярлығы, аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау басқармасы

001 Жергілікті деңгейде жұмылдыру даярлығы, аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер

005 Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру

006 Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою

011 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

103 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

106 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу";

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 113 және 114 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

114 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 115, 116, 117, 118, 121, 123, 124, 125, 126, 133, 139, 148, 149, 165, 166, 167, 168 және 169 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

117 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

118 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

121 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу

125 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға арналған аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

126 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу



148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

149 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

168 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

169 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

2 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 005, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 006 және 007 бюджеттік бағдарламаларымен 768 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"768 Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы

006 Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру

005 Ішкі қарыздар есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

007 Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру

005 Ішкі қарыздар есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

256 "Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы", 333 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" және 355 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 066 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"066 Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 050 бюджеттік бағдарламасымен 123 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"123 Қаладағы аудан әкімінің аппараты

050 Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Коммуналдық шаруашылық" функционалдық кіші тобында:

279 "Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" және 762 "Облыстың құрылыс, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 056 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"056 Халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және қызмет көрсетуге табиғи монополиялар субъектілерінің шығындарын субсидиялау

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

1 "Мәдениет саласындағы қызмет" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 005, 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 005, 007 және 008 бюджеттік бағдарламаларымен 740 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"740 Облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы

005 Мәдени-демалыс жұмысын қолдау

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

007 Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

008 Театр және музыка өнерін қолдау

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 020 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"020 Мәдениет саласындағы жергілікті маңызы бар әлеуметтік маңызды іс-шараларды іске асыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

2 "Спорт" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 001 және 002 бюджеттік бағдарламаларымен 768 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"768 Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы

001 Жергілікті деңгейде дене шынықтыру, спорт және туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

002 Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 005, 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 003 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"003 Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 004 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"004 Ақпараттық жүйелерді құру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 005, 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 005 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"005 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 005, 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 032 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 100, 102, 103, 106, 107, 108 және 109 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

103 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

106 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу";

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 113 және 114 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

114 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 115, 116, 117, 118, 121, 123, 124, 125, 126, 133, 139, 148, 149, 165, 166, 167, 168 және 169 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

117 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

118 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

121 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу

125 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға арналған аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

126 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

149 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

168 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

169 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

3 "Ақпараттық кеңістік" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 002 бюджеттік бағдарламасымен 740 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"740 Облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы

002 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 005, 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 009 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"009 Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

4 "Туризм" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 010, 071, 072 және 074 бюджеттік бағдарламаларымен 768 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"768 Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы

010 Туристік қызметті реттеу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

071 Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

072 Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

074 Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 001 бюджеттік бағдарламасымен 740 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"740 Облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы

001 Жергілікті деңгейде мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 003 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 005, 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 032 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 100, 102, 103, 106, 107, 108 және 109 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:



"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

103 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

106 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу

107 Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

108 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу";

мынадай мазмұндағы 011, 015 және 032 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 113 және 114 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

114 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

мынадай мазмұндағы 115, 116, 117, 118, 121, 123, 124, 125, 126, 133, 139, 148, 149, 165, 166, 167, 168 және 169 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

117 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

118 Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

121 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер

123 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға іс-шаралар өткізу

124 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына іс-шаралар өткізу

125 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы шығыстарға арналған аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

126 Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою, әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар

жағдайларды жою бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша даму шығыстарына аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

149 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

168 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

169 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобында:

1 "Ауыл шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

741 "Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 011, 012, 013, 036, 039, 049 және 070 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"011 Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

012 Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

013 Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

036 Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

039 Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

049 Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

070 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

5 "Қоршаған ортаны қорғау" функционалдық кіші тобында:

513 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 011 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"011 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

9 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер" функционалдық кіші тобында:

741 "Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 082, 083, 084, 085 және 086 бюджеттік бағдарламаларымен толықтырылсын:

"082 Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау

083 Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру

084 Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру

085 Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру

086 Жануарларға арналған баспаналарды, уақытша ұстау пункттерін ұстау";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

9 "Басқалар" функционалдық кіші тобында:

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 209 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"209 Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын жұмсау";

513 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 065 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту";

мынадай мазмұндағы 065 және 096 бюджеттік бағдарламалары бар 740 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"740 Облыстың мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы

065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

096 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау";

мынадай мазмұндағы 065 және 096 бюджеттік бағдарламалары бар 768 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"768 Облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы

065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

096 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау";

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасында:

1 "Ағымдағы шығындар" санатта:

02 "Сыйақылар төлеу" сыныбында:

220 "Сыртқы заемдар бойынша сыйақылар төлеу" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 222 ерекшелікпен толықтырылсын:

"222 Ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органның сыртқы қарыздары бойынша сыйақы төлемдері";

2 "Күрделі шығындар" санатта:

04 "Негізгі капиталды сатып алу" сыныбында:

мынадай мазмұндағы 461 ерекшелігі бар 460 кіші сыныбымен толықтырылсын:

"460 Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын жұмсау

461 Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын жұмсау";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында:

220 "Сыртқы заемдар бойынша сыйақылар төлеу" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

	222	Ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органның сыртқы қарыздары бойынша сыйақы төлемдері	Қаражатты сыртқы нарықтарда қарыз алған капиталды пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері ( ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды, халықаралық қаржы ұйымдарынан кредиттерді орналастыру нысанында).	
--	-----	--	--	--

".  
,

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

460	Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын жұмсау			
	461	Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын жұмсау	Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын жұмсау.	

".

2. "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9760) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

